

Правоприменительная практика показывает, что основным наказанием по статье 124 УК суды назначают лишение свободы от семи до двенадцати лет, дополнительным - лишение права занимать определенную должность и заниматься определенной деятельностью.

11 мая 2007 года Верховный суд Республики Казахстан принял постановление №4 «О некоторых вопросах квалификации преступлений, связанных с изнасилованием и иными насильственными действиями сексуального характера».

В постановление были внесены изменения и дополнения 21 апреля 2011 г., 24 декабря 2014 года, 20 апреля 2018 года, 11 декабря 2020 года, в целом, данные разъяснения актуальны, и применяются судебными органами до сегодняшнего дня. Однако, не все законодательные корректировки разъяснены высшей судебной инстанцией.

Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674 предусматривает необходимость «...продолжить работу, связанную с актуализацией уголовного законодательства с целью обеспечения эффективной и упреждающей уголовно-правовой охраны конституционных ценностей казахстанского общества».

В целом, наличие статьи 124 УК РК занимает важное место в уголовном законодательстве, так как обеспечивает правовую защиту детей от развращающих действий со стороны взрослых.

Для профилактики рассматриваемых уголовных правонарушений, мы считаем необходимым начать освещать тему половой неприкосновенности для детей, начиная с младших классов, родителям следует чаще обсуждать тему сексуальной безопасности со своими детьми.

Список использованных источников:

1. Бородина В.Н. Психологическое насилие над детьми в семье //Социально-психологические проблемы современной семьи: ценность материнства и детства. - 2021. - №1. - 176 с.
2. Портал органовправовойстатистике и специальныхучетов. Правовая статистика. Статистические отчеты. <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistic>
3. Приговор специализированного межрайонного суда по уголовным делам города Алматы <https://almaty.sud.kz>.
4. Еслямова Т. Стыд, страх, трагедия. Почему дети беззащитны перед насилием со стороны взрослых? <https://www.uralskweek.kz/2019/10/17/styd-strax-tragediya/>
5. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан (Особенная часть). - Алматы: Жеті жарғы, 2021. - 1152 с.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСТАР АРАСЫНДА ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСТІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Айтжанова М.Б., Заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Өзбеков Д.Ө., Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасы профессорының ассистенті, з. ғ.к.

Бұл мақалада цифрлық трансформация дәуірінде жастар арасында есірткі айналымының таралу мәселелері және оның қылмыстық-құқықтық реттелуі қарастырылады. Автор есірткіні таратудың жаңа тәсілдері – интернет, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жүзеге асу ерекшеліктерін талдайды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген жауапкершілік нормалары зерттеліп, құқық қорғау органдарының осы саладағы қызметін жетілдірудің бағыттары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері жастардың құқықтық мәдениетін арттыру мен есірткі қылмыстарының алдын алуға ықпал етуге бағытталған.

Есірткі заттарының заңсыз айналымы мен тасымалы қазіргі қылмыстық саясаттың ең күрделі және қауіпті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл қылмыс түрі ұйымдасқан сипатқа ие және

оның қоғамға тигізетін зардабы тек жеке адам деңгейінде ғана емес, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да айтарлықтай. Қазақстан Орталық Азияда орналасқан және бұл аймақ Ауғанстаннан шыққан героин мен басқа да есірткілердің Еуропаға жеткізілуі үшін негізгі транзиттік жол болып саналады. Осыған байланысты еліміз есірткі контрабандасы үшін қолайлы маршрут ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда заңсыз айналымға Оңтүстік Америкадан келген кокаинді ұйымдасқан қылмыстық топтар, сондай-ақ Испанияның контрабандистері мен итальяндық мафиялық құрылымдары белсенді араласады.

1993 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің делегациясы Италияда өткен 42 мемлекетті қамтыған халықаралық конференцияға қатысып, «Балқандық жол» арқылы жүзеге асатын есірткі контрабандасының өзекті мәселелерін талқылаған болатын. Сол уақыттан бері марихуана мен басқа да есірткі түрлерінің едәуір бөлігі жыл сайын Шығыс Еуропа мен Батыс Азия аймақтарындағы заңсыз айналымнан тәркіленіп келеді. Интерполдың Бас хатшылығы бірнеше рет бес Орталық Азия мемлекеттерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан) аумақтарында, сондай-ақ Ресейде өсірілетін және таратылатын есірткі өнімдерінің қауіпті деңгейде екенін ерекше атап өткен. Ұйымның Бас Ассамблеясы берген мәліметтер бойынша, тек Өзбекстанның өзінен 13 тонна, ал Ресейден 11 тонна заңсыз айналымдағы каннабис тәркіленген [1]. Транзиттік бағыттағы елдерде тәркіленген есірткі көлемі жылдан-жылға өсіп отыр, бұл Қазақстан үшін қауіптің жоғарылағанын білдіреді. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдеде қабылданған «Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымына әрі оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1-бабының 17-тармағына сәйкес, есірткі заттарын немесе прекурсорларды теріс пайдалану — дәрігердің нұсқауынсыз қасақана қолдану әрекеті болып есептеледі. Бұл дегеніміз, адамның өз еркімен немесе басқа тұлғалардың көмегі арқылы есірткі затын заңсыз түрде тұтынуы: көктамыр ішіне, бұлшықетке, тыныс жолдарына енгізу немесе ауыз арқылы қабылдау және тағы басқа тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай әрекеттің субъективтік белгісі — қасақаналық, ал объективтік белгісі — дәрігердің рұқсатынсыз, медициналық қажеттіліксіз тұтыну болып табылады. Сонымен қатар, бұл әрекеттер қоғамдық орындарда жасалған жағдайда, қылмыстық жауаптылықтың барлық белгілері толық қалыптасады. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 бұйрығымен бекітілген ережелерге сәйкес, қоғамдық орындар — қалалар мен елді мекендерде халыққа ортақ пайдалануға арналған, арнайы жабдықталған және көпшілікке ашық кеңістіктер болып табылады. Ғалым И.Ш. Борчашвилидің пікірінше, қоғамдық орын деп бөтен адамдардың қатысуы мүмкін, қылмысқа куә бола алатын кез келген аумақ танылады. Бұған көшелер, саябақтар, балалар алаңдары, кіреберістер, қоғамдық көлік және тұрғын үй аулалары жатады [2]. Есірткі заттарын жеткізудің кең тараған тәсілдерінің бірі — «жасырын орындар» немесе «қалталар» деп аталатын жүйе. Бұл жағдайда сатып алушы мен сатушы тікелей байланысқа түспейді: тапсырыс интернет арқылы жасалып, төлем электронды жүйелермен өтеді, ал есірткі нақты орналасқан жерге жасырылып қойылады. Кейін тұтынушы сол жерден өз бетінше алып кетеді [3]. Аталған заңға сәйкес, есірткі мен психотроптық заттардың айналымы — өсімдіктерді егу, жинау, өндіру, өңдеу, әкелу, әкету, тасымалдау, сақтау, сату, жою сияқты қызмет түрлерін қамтиды. Бұл әрекеттер тек мемлекет рұқсат берген және заңмен бақыланатын жағдайларда ғана заңды болып саналады [4]. Заңсыз айналым немесе заңсыз пайдалану әрекеттері қылмыстық құқыққа сәйкес жауапкершілікке тартылады, ал жазалар әрекеттің сипаты мен салдарына байланысты әртүрлі мөлшерде қолданылады. Мұндай заңнамалық реттеу қоғамға және азаматтардың денсаулығына қауіп төндіруді азайтуға, есірткі тасымалдаудың алдын алу шараларын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында жастар арасындағы есірткі тасымалдау мәселесі соңғы жылдары өзекті қоғамдық проблемалардың біріне айналды. Бұл құбылыс құқықтық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және психологиялық деңгейде де қауіпті салдарға әкелуде. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, психоактивті заттарды қолданудан туындаған «Психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар» диагнозымен тіркеуде 107 898 адам тұр. Оның ішінде 18–29 жас аралығындағы 6245 адам тіркелген, олардың шамамен 46%-ы — есірткі және психотроптық заттарды қолдану салдарынан зардап шеккен тұлғалар [5]. Бұл деректер елдегі нақты жағдайды толық көрсетпейді, себебі көптеген есірткіге тәуелді адамдар өз жағдайын жасырады. Қоғамда бұл құбылысқа деген әлеуметтік төзімсіздік пен қорқыныштың жоғары екенін көрсетеді. Мұндай адамдардың көбі қоғамның айыптауынан қорқып, көмек сұрауға батылдық танытпайды, нәтижесінде олардың жағдайы одан әрі нашарлайды. Бұл мәселені шешу үшін қоғамда түсіндіру жұмыстары мен психологиялық қолдау жүйесін күшейту қажет.

Жастар — қоғамның болашағы. Оларды есірткі бизнесінің ықпалынан қорғау — ұлттық

қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі. Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша, 2023 жылы жастар қатысқан есірткі қылмыстарының саны 15%-ға артқан. 18–25 жас аралығындағы азаматтардың шамамен 12%-ы заңсыз тасымалдауға қатысқан немесе қатысуға әрекет жасаған. Бұл көрсеткіш әсіресе жоғары және орта оқу орындарының студенттері арасында жиі кездеседі. Негізгі себептер ретінде материалдық тапшылық, құқықтық сауатсыздық, әлеуметтік бақылаудың әлсіздігі және психологиялық тұрақсыздық факторларын атауға болады. Соңғы он жылда жасөспірімдер арасында есірткі тұтыну деңгейі 6,5 есеге артқан. Бұл үрдіс қоғамның келешегіне тікелей қауіп төндіреді және қылмыстық-құқықтық шараларды күшейтуді қажет етеді. Жастардың есірткіге бейімделуі тек жеке таңдау емес, ол — әлеуметтік орта мен цифрлық кеңістіктің ықпалындағы күрделі психологиялық құбылыс деп айтуға болады. Сондықтан профилактика тек құқық қорғау органдарының емес, білім беру жүйесінің де басты бағытына айналуы қажет. «Президенттік бағдарламаларды қолдау қоры» ұсынған деректерді талдау нәтижесінде жастардың есірткіге алғашқы рет қол жеткізу жас мөлшері соңғы жылдары төмендеп, бұрынғы 17–18 жастан қазіргі таңда 12–13 жас аралығына дейін ауысқанын анықтадық. Бұл көрсеткіш жастар арасындағы заңсыз заттарды ерте қолдану тәуекелінің жоғарылағанын көрсетеді. Қазіргі Қазақстандағы жастар арасындағы нашарлық мәселесінің үш негізгі аспектісі бар. Бірінші аспект – бұл жасөспірімдер (ювеналдық) қылмыстың өсуі, әсіресе заңсыз есірткі заттары мен психотроптық заттар айналымы саласында. Екінші аспект – жастар арасындағы есірткі заттарын тұтынудың артуы. Үшінші аспект ретінде қоғамда нашарлықтың алдын алу жүйесінің әлсіздігін атап өтуге болады. Қазіргі таңда жастарға есірткінің зияны туралы түсіндіру жұмыстары көбіне формалды сипатта өтеді, профилактикалық бағдарламалар жүйелі түрде жүргізілмейді. Бұл жағдай жастардың құқықбұзушылыққа бейімділігін арттырады және есірткіге тәуелділік қалыптасуына әкеледі. Есірткі тасымалына тартылған жастардың көбейіп бара жатқаны қоғамды аландатуда. Бұл жағдай жастардың мінез-құлқындағы әлеуметтік және психологиялық өзгерістерді көрсетеді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың профилактикалық шараларына деген қажеттілікті білдіреді. Қылмыстық құқық тұрғысынан қарағанда, есірткі тасымалы мен оны ұйымдастыру әрекеттері аса қауіпті санаттағы қылмыстардың бірі болып табылады. Мұндай іс-әрекеттерді жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты қатаң жазалау шаралары көзделгенімен, олардың жастар мен кәмелетке толмағандар санасына тигізетін теріс ықпалы қоғамдағы моральдық және рухани құндылықтардың әлсіреуіне әкеп соғуда.

Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, есірткі және өзге де психобелсенді заттардың заңсыз айналымына байланысты құқықбұзушылықтар саны тұрақты түрде өсіп келеді. Бұл қылмыстардың барлығы Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелген. Мысалы, 2025 жылдың басынан бері елорда аумағында 797 есірткіге қатысты құқықбұзушылық анықталған, соның ішінде 238 іс – есірткі сату фактісі болып табылады. Заңсыз айналымнан 406,5 келіден астам есірткі зағы тәркіленген, оның ішінде 37 келіге жуық синтетикалық түрлері бар. Бұдан өзге, ағымдағы жылдың басынан бастап есірткі жарнамалаған 600-ден астам интернет-ресурс бұғатталған. Сонымен қатар, ҚР ҚК-нің 299-1-бабы бойынша (есірткі құралдарын насихаттау және заңсыз жарнамалау) 11 қылмыстық іс қозғалған [6]. Аталған деректер елімізде есірткі айналымымен күрес жұмыстарының өзектілігін айқын көрсетеді. Бұл бағыттағы құқық қорғау органдарының әрекеттері жастар арасында есірткіні насихаттау және интернет арқылы тарату фактілерін азайтуға бағытталғанымен, мәселе әлі де қоғамның барлық деңгейінде жүйелі шешімді талап етеді.

Қазіргі таңда құқық қорғау органдары қызметіндегі өзекті мәселелердің бірі – ғаламтор желісі арқылы есірткі құралдарының таралуына қарсы күрес болып табылады. Осы бағыттағы тиімділікті арттыру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2025 жылға дейінгі Кешенді жоспар қабылданды. Онда есірткінің, әсіресе синтетикалық түрлерінің айналымын азайту, тәуелділерді ерте анықтау жүйесін енгізу және уәкілетті органдардың материалдық-техникалық базасын күшейту көзделген. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде есірткі заттарын жасырып кету туралы хабарландырулар мен интернет-дүкендердің мекенжайлары көрсетілген граффити суреттері жиі таралады. Есірткіні «байланыссыз тәсілмен» — яғни қарапайым іздеу жүйелері арқылы сатып алу мүмкіндігі пайда болды. Мұндай заңсыз контентті анықтап, бұғаттау мақсатында интернет кеңістігіне күн сайын мониторинг жүргізетін арнайы топ жұмыс істейді. Астана қаласында Полиция департаментінің бастамасымен «Smart Astana» платформасында «Өтініш жібер – Есірткіге жол жоқ!» атты мобильді қосымша іске қосылған. Бұл қосымша қала тұрғындарына есірткі жарнамасы мен сату орындары туралы жедел түрде хабарлауға мүмкіндік береді. Барлық өтініштер полиция бөлімшелеріне түсіп, қысқа мерзім

ішінде тыйым салынған ақпаратты жою және заңсыз граффити мен жапсырмаларды өшіру шаралары қабылданады. Нәтижелері туралы ақпарат өтініш берушіге арнайы Telegram-арна арқылы жеткізіледі. Бұл шаралар жастарға есірткі жарнамасының таралуын азайтып, қоғамдағы құқықбұзушылыққа қарсы профилактикалық әрекеттерді күшейтеді. Жастармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс олардың тұлғалық дамуына, қоғам өміріне толыққанды қатысуына және әлеуметтік бейімделу қабілеттерін арттыруға бағытталған. Есірткі бизнесімен күрес басқармасы кәметке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу бойынша кешенді профилактикалық шаралар жүргізіп келеді. Бұл шараларға ата-аналармен кездесулер, түсіндіру семинарлары және үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен жобалар жатады. Сонымен қатар жастарға арналған медициналық, психологиялық және әлеуметтік-құқықтық қызметтер жүйесін дамытуға ерекше назар аударылуда. Мұндай жұмыстар жасөспірімдерді есірткі ортасына тартудың алдын алуға және олардың әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға мүмкіндік береді[7]. Басқа елдерде жастарды есірткіге қарсы тәрбиелеу мен алдын алу жұмыстары жүйелі және әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Мысалы: Оңтүстік Корея елінде интернеттегі есірткі іздерін AI арқылы анықтайтын жүйе енгізілген. Еуропа елдерінде кибересірткі саудасына қарсы арнайы Europol бөлімшесі бар. Сондай-ақ, онлайн саудаға байланысты ақпарат алмасу үшін халықаралық серіктестік орнатылған. АҚШ-тың федералдық агенттіктері (FBI, DEA) даркнет пен әлеуметтік желілер арқылы есірткі тасымалдайтын адамдарды анықтау үшін арнайы операциялар өткізеді. Сонымен қатар, криптовалюта және банктік транзакцияларды қадағалап, ақша ағындарын тоқтатады. Нидерланд полициясы даркнеттегі есірткі маркетплейстерін бақылап, кейбір платформаларды тікелей басқарып, содан кейін жауып тастаған. Бұл әдіс арқылы сатушылар мен сатып алушылар анықталып, жүздеген адам жауапқа тартылған. Австралияда құқық қорғау органдары интернет және пошта арқылы таралатын есірткіні бақылау мақсатында курьерлік қызметтермен бірлесіп жұмыс істейді. Олардың мақсаты – жасөспірімдерге есірткі жетуін қиындату. Сингапурде есірткіні интернет арқылы таратуға — өмір бойы бас бостандығынан айыру және өлім жазасы тағайындалады. Біз бұл қатал шаралардың жастар арасында есірткі айналымының алдын алуын күшейте алатынына келісеміз: өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасының болуы жастарды есірткі тасымалдау және сату әрекеттерінен тартындыра алады. Дегенмен оның тиімділігі тек жазаны күшейтеуге сүйенбеуі керек: заңнаманы қатаңдатуды техникалық мониторинг, халықаралық ақпараттық алмасу, интернет-платформаларды бақылау және жастарға бағытталған алдын алу бағдарламалары (білім, отбасы жұмыс, реабилитация қызметтері) арқылы қолдаған кезде ғана толық нәтижеге жетуге болады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық кеңістіктегі есірткі тасымалына қарсы тиімді күрес кешенді тәсілді талап етеді. Қазақстанда бұл бағытта бірнеше шараны жүзеге асыру қажет: әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды автоматты түрде мониторинг жасау жүйесін енгізу, заңсыз жарнаманы жедел бұғаттау үшін интернет-провайдерлер мен электрондық төлем жүйелерімен тығыз ынтымақтастық орнату, қаржы ағындарын бақылау және криптовалюталық төлемдерді қадағалау, сондай-ақ пошта мен курьерлік қызметтер арқылы жасалатын жеткізулерді бақылау.

Цифрлық трансформация жағдайында жастар арасындағы есірткі тасымалы мен тұтынуы алаңдатарлық деңгейге жетіп отыр. Синтетикалық есірткілердің қолжетімділігі, интернет пен әлеуметтік желілер арқылы таралуы, сондай-ақ жасөспірімдердің психологиялық тұрақсыздығы мен әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі бұл мәселені ушықтыра түсуде. Осыған байланысты мемлекет пен құқық қорғау органдарының қызметін заманауи технологиялармен үйлестіріп, ақпараттық кеңістіктегі бақылауды күшейтеу маңызды. Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу тек жазалау шараларымен емес, сонымен қатар ақпараттық сауаттылықты арттыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл бағыттағы кешенді тәсіл ғана қоғамның тұрақтылығын сақтап, болашақ ұрпақты есірткі тәуелділігінен қорғауға мүмкіндік береді. Құқықтық норма мен қылмыстық жауапкершілікті күшейтеу жастар арасындағы есірткіге байланысты қылмыстарды азайту үшін тиімді механизм болар еді. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары мен сот жүйесі есірткіге қарсы күресте шешуші рөл атқарады. Жастардың болашағына қауіп төндірмес үшін олардың есірткіге тартылуының алдын алу мақсатында заңнамаға өзгерістер енгізу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қаржасова Г.Б. Жасөспірімдер арасында есірткі, психотроптық заттар, сол тектестердің заңсыз айналымына қарсы күрестің кейбір мәселелері. – Алматы: Наука и заң, 2019.

2. Феткулов, А. Х., Сейтхожин, Б. У. Анализ уголовно-правовых норм, предусматривающих ответственность за незаконный оборот наркотиков без цели сбыта в Республике Казахстан и Российской Федерации (ст. 296 УК РК и ст. 228 УК РФ) // Научный вестник Карагандинского экономического университета Казпотребсоюза. – Караганда, 2020.

3. Мухаметкаиров А.Е. Оценка ситуации с наркотическими и контролируемыми психотропными веществами в Республике Казахстана // Инновационный Евразийский университет. – Павлодар, 2019.

4. Есірткі, психотроптық заттар, сол текстестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – 1998 жылғы 10 шілде. – №279.

5. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-v-kazahstane-detey-narkomanov-526956/

6. <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana/press/news/details/1068172>

7. Организационная деятельность молодежных общественных объединений по профилактике распространения наркотических средств среди несовершеннолетних // Вестник Казахско-Русского Международного университета. — №4 (21). — 2017. — С. 274.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ СОТ САРАПТАМАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Арин Қуандық Мейрамбекұлы

«Соттық прокурорлық қызмет» білім бағдарламасының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Хуатқызы Мейрамгүл

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университетінің «Қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминалистика» кафедрасының оқытушысы з.ғ.м.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп белгіленген [1]. Осы қағидат жасанды интеллектіні (ЖИ) сот сараптамасында қолдану барысында әділдік пен заңдылық принциптерін сақтау қажеттігін айқындайды. Қазіргі таңда цифрлық трансформация дәуірінде ЖИ технологиялары қылмыстық процестің түрлі кезеңдерінде кеңінен қолданылып келеді. Бұл технологиялар сараптамалық зерттеулердің сапасын арттырумен қатар, уақыт үнемдеуге және дәлелдемелердің нақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алайда, ЖИ жүйелерінің қолданылуы сот тәжірибесінде бірқатар құқықтық және этикалық мәселелерді де туындатады. Сот сараптамасындағы ЖИ нәтижесінің сенімділігі мен дәлелділігі ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексіне көзделген талаптарға толық сәйкес болуы қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты жолдауында цифрлық даму мен инновациялық әдістердің сот жүйесіне енгізілуін ерекше атап өтті [2]. Сондай-ақ, ҚР Үкіметінің 2024–2029 жылдарға арналған ЖИ-ды дамыту тұжырымдамасы бұл бағыттағы нақты іс-шаралар жоспарын бекітті [3]. Осы құжаттар ЖИ-ды сот сараптамасы саласында тиімді және заңды қолданудың құқықтық негізін қалыптастырады. Сондықтан ЖИ-дың сот сараптамасында дұрыс әрі қауіпсіз қолданылуы – қазіргі заманғы құқықтық жүйенің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

ЮНЕСКО, нақтырақ Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының зерттеуінше, соңғы он жыл аралығында сот сараптамасына цифрлықпен қоса автоматтандырылған құрылғыларды енгізу - түбегейлі өзгеріске әкеп соқты. Осыған байланысты, сараптамалық қорытындылардың ауқымды әрі жылдам шығуы тек жасанды интеллектте негізделген жүйелер болса керек. Дей тұрғанымен, ұйымның зерттеуіне сүйенсек, ЖИ-тің нәтижесі сотта қабылдау – тек техникалық емес, құқықтық та этикалық та мәселе екен. Халықаралық ұйымдардың мәлімдеуінше, ЖИ-тің адам құқықтары мен әділетті процесті сақтауды қамтамасыз етуі қажет, ал адами қасиеттері жоқ суық ойлаушы субъект оған қол жеткізе ала ма [4;1]?

Өзіміздің ой-тұжырымызды қосатын болақ, әрине де ЖИ-тіні қолдану әр салада болсын - тиімді. Әсіресе жұмыс беруші тарапқа, дегенмен де жаппай жұмыссыздықпен қатар хаос әбден болуы мүмкін, бәлкім соның әсерінен қылмыс едәуір өседі. ЖИ-тің сот сараптама ғылымының аспектісінде